



otpanews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№16-17 (10524) 3 НАУРЫЗ, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

БАРШАҢЫЗДЫ КӨК-  
ТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ  
КҮНІМЕН ТҰСПА-ТҰС  
КЕЛГЕН 1 НАУРЫЗ –  
АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН  
ШЫН ЖҮРЕКТЕН  
ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Бұл мереке – өзара құрмет пен ризашылықты, татулық пен бірлікті дәріптейтін ерекше күн. Алғыс айту күні – еліміздің дамуына үлес қосып жүрген, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға атсалысып келе жатқан барша азаматтарға шынайы алғыс білдіретін жарқын мейрам.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтып өткендей, Алғыс айту күні берекелі бірлікті бекемдейтін әрі еліміздегі ұлттарды ұйыстыратын мереке. Бұл құндылықтар әрдайым елдігіміздің берік тұғыры болып қала береді.

## АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Қасиетті Рамазан айымен қатар келген бұл мерекелі күн елімізге құт-береке, тыныштық пен татулық әкелсін. Әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, ырыс пен береке дарысын. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақыт тілеймін!

Нұрәулет ҚИЛЫБАЙ,  
Маңғыстау облысының әкімі.

ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРЛАН ӘБДІРОВТИҢ ҚАТЫСУЫМЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕНЕС ӨТТІ. ЖИЫҢҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МӘЛІК ӘБДІҚАДЫРОВ, ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРОР СЕРІКҚАЛИ КҮШӘЛИЕВ, ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ БАСТЫҒЫ САҒЫНДЫҚ АЯҒАНОВ, ОБЛЫСТЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ БАСТЫҒЫ МҰРАТ МҰХАНОВ ЖӘНЕ БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСЫП, РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӨНІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.



✍ **Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА**

## РЕФЕРЕНДУМ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кездесуде республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, заң талаптарын сақтау және Конституция нормаларын түсіндіру бойынша атқарылған жұмыстар қаралды. Мәлік Әбдіқадыров өңірдегі учаскелердің материалды техникалық жағдайы туралы есеп берді.

– Облыс бойынша 261 референдум учаскесі бар. Барлық учаскелерде материалдық жағдай жасалған. Аймақтағы мүмкіндігі шектеулі сайлаушылар 249 учаскеде дауыс береді. Олардың қолайлы жағдайда дауыс беруі үшін тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Референдум күні қосымша тізімдер және тұрғылықты жерін растау үшін азаматтарға арналған үкімет арқылы цифрлық қызмет ұйымдастырылады. Арнайы жәшіктер талапқа сай орналасырылған. Сонымен қатар референдум қарсаңында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлері коммуналдық және басқа да сала қызметкерлері

күшейтілген режимде жұмыс істейді. Апаттық ажыратулардың алдын алу үшін баламалы тоқ көздері қарастырылған. Референдум өткізуге қатысты жұмыстар жалғасын табады, – деді Мәлік Әбдіқадыров.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы өңірдегі учаскелер санын жақсы бағалап, азаматтарға жеткізілуі тиіс ақпараттар, түсіндіру жұмыстарының мазмұны мен басым бағыттарды жан-жақты талқылады. Мәселен, жақында шетелден келген, тұрғылықты мекен-жай бойынша тіркелмеген азаматтардың дауыс беру мүмкіндігіне тоқталды. Олардың біркүндік тіркеуге тұру арқылы дауыс бере алатынын жеткізді.

Облыстық прокурор референдумда екі немесе одан көп рет дауыс беру секілді кейбір құқық бұзушылықтар қатаң қадағаланатынын айтса, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы барлық нысандардағы өрт қауіпсіздігі техникасы, жарылғыш және тыйым салынған заттардың

болмауы тексерілгенін тілге тиек етті. Сонымен қатар Нұрлан Әбдіров сайлаушыларды референдумға шақырудың маңыздылығына тоқталды.

– «Қазақша шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» деген сөз бар. Осы ретте сайлаушыларға аты-жөні жазылған шақыру қағазын тапсырудың маңызы зор. Дегенмен шақыру таратушылар көппәтерлі тұрғын үйлердің барлығына бірдей кіре алмауы мүмкін. Осыған байланысты учаскелік инспекторлар осы мәселеге назар аударуын қадағалау керек, – деді Орталық референдум комиссиясының төрағасы.

Комиссия мүшелеріне оқыту сабақтары мен семинарларды толық өткізу арқылы сайлау органдарының біліктілігін қамтамасыз ету керектігі айтылды. Жиын қорытындысында алдағы кезеңге арналған нақты міндеттер белгіленіп, республикалық референдумды сапалы, ашық және заңды түрде өткізуге бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын айтылды.

## КАСПИЙДІ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ БАҒЫТЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҚАДАМ ЖАСАП, ОСЫ МАҚСАТҚА 1,1 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ БӨЛІНДІ. БҰЛ ШЕШІМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОЛЖАС БЕКТЕНОВТИҢ ҚОЛ ҚОЙҒАН ТИІСТІ ҚАУЛЫСЫ АЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНДЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТЕҢІЗ ЭКОЛОГИЯСЫН КЕШЕНДІ ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

Бөлінген қаражат «Каспий теңізі Қазақ ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамына берілді. Қаржы институттың ғылыми-техникалық әлеуетін айтарлықтай арттыруға жұмсалды: теңіз аймағында тұрақты мониторинг жүргізуге қажетті арнайы жабдықтар сатып алу, сондай-ақ гидробиологиялық және гидрохимиялық зертханаларды заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау жоспарланып отыр. Бұл шаралар Каспий теңізінің қазақстандық секторында болып жатқан экологиялық және физика-географиялық процестерді ғылыми түрде жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми қауымдастықпен тығыз байланыс орнату да айрықша назарға алынған. Институт қазір халықаралық ғылыми ұйымдармен интеграцияланып, Каспий маңы елдерінің университеттері мен



ғылыми-зерттеу орталықтарының қауымдастығына кірген. Бұл ұйымаралық ынтымақтастық теңіз экожүйесін сақтау және қорғауға бағытталған бірлескен зерттеулер мен тиімді шешімдер әзірлеуге жол ашады.

Үкімет қаулысына сәйкес Экология және табиғи ресурстар министрлігі бұл жобаны іске асыруға қажетті барлық іс-шараларды ұйымдастыруға міндеттелсе, Қаржы министрлігіне бөлінген бюджет қаражатының максатты және тиімді жұмсалыуына қатаң бақылау жүргізу тапсырылды. Мұндай тетіктер ғылыми жобаның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Экологтер мен мамандар «Каспий теңізінің жағдайын тек зерттеу мен мониторинг арқылы ғана тұрақты етуге болады» дейді. Соңғы жылдары теңіздің деңгейі, ластану деңгейі және биологиялық әртүрлілік мәселелері әлемдік және өңірлік деңгейде темірқазыққа айналып отыр. Президенттің осы бағыттағы тапсырмаларының орындалуы – теңіз экожүйесін сақтау үшін маңызды стратегиялық қадамдардың бірі.

«Маңғыстау» ақпарат.

# 15 НАУРЫЗ МАРТА

## РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың  
дауысымыз маңызды!

Важен голос  
каждого из нас!

[www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)